

алып тастауды талап етпейді: олар ұлттық өндірушілерді қорғаудың қалыпты құралы болып табылады.

2000 жылдың 12 қазанында Еуропалық Одақ Қазақстан үшін нарықтық экономиканың арнайы режимін кеңейту мақсатында антидемпингтік процедуралар туралы ЕО ережесіне толықтыру енгізді.

ҚР-ның Президенті 2000 жылдың маусымында Брюсселде болған келіссөз нәтижесінде қабылдаған бұл қадам ҚР мен ЕО арасындағы екіжақты қатынастары нығайтуға жаңа сапалы деңгейінің дамуын қуәландырады. Әңгіме тек қазақстандық тауарлардың еуропалық нарыққа енуін кеңейту жайында ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енудегі қажетті қадам болып табылатын демократиялық және нарықтық жаңғыртуларды іске асырудағы мемлекет жетістіктерін атап көрсету жайлы.

Қорытындылай келе, Еуропалық Одақ Қазақстан үшін маңызды экономикалық және саяси серіктес болып табылады. Сондықтан, еліміз бен осы Одақ арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамыту өте өзекті болып есептеледі.

1. *Ибрашев Ж.У., Енсебаева Э.* Европейский Союз во внешней политике Казахстана. – Алматы, 2001. – С.26.

2. Қазақстан мен Еуропалық одақ // [www.egemen.kz/?act=readarticle&id=526](http://www.egemen.kz/?act=readarticle&id=526)

3. *Абыкаева Н.А.* Казахстан-Европейский Союз: партнерство и сотрудничество // Казахстанская правда. – 2000. – 24 июня.

4. Европейская интеграция и права человека (сборник статей). – Алматы, «Комплекс», 1998 г. – С.186.

5. Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. №4(16) 2004 г. – С.85.

6. Қазақстан мен Еуропалық одақ // [www.massagan.com/news](http://www.massagan.com/news)

7. Европейский Союз и Центральная Азия. / Под.ред. профессора Ж.У.Ибрашева. – Алматы, 2000. – 196 с.

\*\*\*

В данной статье рассматривается становление и развитие сотрудничества Казахстана с Европейским Союзом. Автор изучает не только основную договорную базу этих отношений, но и рассматривает основные направления сотрудничества между сторонами и приводит необходимые факты. Статья интересна и направлена на широкий круг читателей.

\*\*\*

The establishment and development of the cooperation of Kazakhstan with European Union were considered on this article. The author paid an attention to the legal basis of its relationship, and also to the main spheres of bilateral cooperation, which was proved by considering the necessary statistical facts.

**Ж.Б. Момынкұлов**

## ТҮРКИЯНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫМЕН САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

### 1. Түркия мен Қытай арасындағы саяси қатынастар

Түркияның Қытаймен арадағы саяси қарым-қатынасы жақсы, алайда, экономикалық қатынастары «суық», яғни, тиісті деңгейде емес. Аталмыш жағдайды өзгерту үшін Түркияның жауап ретінде өзара сенімді арттыру іс-шараларын даярлауы қажет. 20 жылдан кейін Азияда толық мағынадағы ең ірі аймақтық күшке айналуы ықтимал Қытаймен белгілі деңгейде жақсы қарым-қатынас орнатуы Түркия үшін стратегиялық маңызға ие мәселе. Түркия Азия құрлығы-Тынық Мұхиты аймағымен арадағы қарым-қатынастарында тек Қытайға ғана көңіл бөлу сияқты дәстүрлі саясатын қайта қарастыруы қажет.

Түркияның сыртқы саясат стратегиясында тек бір мемлекетті ғана мақсат ретінде көздеуі зиянды

қадам. Мұның әсіресе, қырғи-қабақ соғысынан кейін өзгеріске ұшыраған халықаралық тепе-теңдіктер мен жаңа конъюктураларға беретін зарары одан да зор. Аталмыш біржақты саясаттың орнына оны әртараптандыру Түркияның ұлттық мүддесіне сай және аса тиімді болары хақ. Түркия Азия құрлығы-Тынық Мұхиты аймағына қатысты өз келешегін кеңірек жоспарлауға мәжбүр. Қытай өз кезегінде өзінің халықаралық саяси беделі және экономикалық жағдайын қорғауы үшін оның мүдделеріне жататын аймақтарда белсенділік танытып отырған Түркиямен арадағы қатынастарын белгілі бір деңгейде ұстауға тиісті болады.

Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын белгілі бір деңгейде ұстап тұруы үшін Анкара Ресей-Қытай-Үндістан сияқты Азия аумағында ықпалы ойыншы-елдермен бірдей, тепе-тең

саясат ұстануға міндетті. Түркия-Ресей қарым-қатынастары соңғы жылдары біршама жыли бастады; Түркия Үндістанмен арадағы қарым-қатынастарын жылдам дамытуға ниет білдіріп отыр. Анкара Түркияның осы көпжақты саясаты арқылы аталмыш үш мемлекеттің арасындағы ықпалдастықты пайдаланып, үш елдің сыртқы саясаттарындағы өз маңыздылығын арттыру мүмкіндігіне ие болып отыр. Яғни, Анкара аталмыш үш елдің әлемдік және аймақтық саясатта Түркияны қажетсінуі үшін жағдай жасағысы келеді. «Үлкен Қытайға» айналуы үшін Орталық Азия мен Таяу Шығысты көздеп отырған және «Еуразия Көпірі жобасы» атты Еуразиялық саясатты жүзеге асыруды жоспарлап отырған Бейжің Үкіметі, аймақта саяси, экономикалық және қауіпсіздік салаларында маңызды рөл атқара алатын Түркияға ерекше мән беруі мүмкін. Ал, бұл өз кезегінде Түркияның аймақтық саясатында сәтті де табысты болуына байланысты жайт.

Анкараның Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын белгілі дәрежеге көтеруі үшін жүргізуге тиісті саясатының екінші жағы Қытаймен көршілес елдермен арадағы қатынастарын дамытуға тәуелді. Қытайдың бірнеше көршісімен құрлықта және теңізде шекаралық мәселелері бар. Қытаймен көршілес елдер өрлеу үстіндегі Қытайға қатысты немесе оған қарсы қандай саясат ұстану керектігі мәселесінде түпкі шешім таба алмай отыр. Халықаралық капиталдың барған сайын Қытайға қарай ойысуы және бірнеше көпұлтты / трансұлтты компаниялардың Қытайға көшірілуімен «Азия Жолбарыстары» мен «Азия Аждаһарларының» жұлдызы барған сайын сөне бастады. Бұл мемлекеттер бір жағынан жылдам даму үстіндегі Қытайдың экономикасын пайдалану арқылы өздерінің экономикалық дамуларын жалғастыруға тырысуда; екінші жағынан, экономикасымен бірге әскери жаңалануын да жіті қолға алып жатқан Қытайдың келешекте өздеріне қауіп төндіруінен де үрейленеді.

Түркияның Қытаймен көршілес Орта Азиялық республикалар, Ресей, Жапония, Қос Корея (Түркия Солтүстік Кореямен қарым-қатынас орнатқан), Индонезия, Малайзия, Филиппин, Тайвань, Үндістан және Пәкістан сияқты елдермен қатынастарында ешбір проблемасы жоқ. Бұл елдер мәдени және қоғамы психология тұрғыдан Түркияға оң қабақ танытуда. Аталмыш елдер мен аймақтармен экономикалық ынтымақтастығы мен белгілі деңгейдегі саяси қатынастары Түркияның Қытаймен арадағы қарым-қатынастарына оң әсер ете алады.

Сондай-ақ, Түркия өзінің дәстүрлі мүддесіне жататын аймақтарды (Балқан, Таяу Шығыс, Кавказ, Орталық Азия) санамағанда, жаңа мүдде аймағын қамтитын стратегиялық аймаққа да ашылған болады. Анкара Қытайдың Түркия және Түркияның мүдделері шоғырланған аймақтарға дейін кеңеюін күтпей, Қытай мен Қытайдың мүддесі саналатын аймақтарға дейін өзі жылжуды жөн санайды. Түрік сарапшыларының пікірінше, Түркия осылайша Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын мықты негізге орнықтыра алады [1, 1-5-бб.].

Анкараның Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын белгілі дәрежеде ұстап тұруы үшін жүргізуге тиісті саясатының үшінші жағы болса, Шығыс Түркістан мәселесі болуы тиіс. Түркия Шығыс Түркістан мәселесін екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға залалын тигізетін мәселе емес, керісінше, бұл қатынастарды нығайтушы құралға айналдыруы қажет. Шығыс Түркістан мәселесі Қытай тұрғысынан аса зор маңызға ие түйіткіл, яғни Қытайдың өмірлік мүддесі болып табылады. Сондықтан, Шығыс Түркістан кез келген уақытта екіжақты қатынастарды оң бағытқа немесе теріс бағытқа бұрып әкетуге қауқары жетерлік фактор.

Шығыс Түркістан мәселесі дұрыс шешілмеген жағдайда, екі жақты қарым-қатынастарға көпір бола алмайды; керісінше, Бейжіңнің Түркияға деген қызығушылығын азайтуы мүмкін.

Десек те, дамушы Қытайдың көптеген шешілмеген ішкі және сыртқы мәселелері бар: сондықтан, бірқатар түрік қытайтанушы-зерттеушілер Қытайдың келешегі турасында ортақ пікірге келе алған жоқ. Қытайдың осы белгісіздік жағдайы негізінен АҚШ-тың жүргізіп отырған Қытай саясатының қалай өрбитініне келіп тіреледі. Вашингтонның күшейген Қытайды держава ретінде қабылдап, онымен саяси, экономикалық және қауіпсіздік ынтымақтастыққа баруымен Үлкен Қытай жобасы шын мәнінде әлемдік сахнаға шығуы мүмкін. Әйтпесе, Қытайдың үлкен күшке айналуы белгісіздік жағдайынан арыға бармай, тек теория күйінде ғана қалуы мүмкін. Өйткені, АҚШ-тың қолында Қытайды әлсірете алатын әртүрлі көздір мен құралдар бар.

Барған сайын дамып бара жатқан Қытайдың геосаяси бәсекелестері Жапония, Ресей, Үндістан және АСЕАН елдері арасындағы мәселелер де «жарыққа шығуы», яғни, жалпыға мәлім болуы мүмкін. 300 жылға созылған Қытай-Орыс текетіресі, 200 жылдық Қытай-Жапон дұшпандығы, және Қытайдың Оңтүстік-

шығыс Азия аймағындағы саяси, мәдени өктемдігі бар; олардың арасындағы қақтығыс пен түсініспеушіліктер қаншалықты шешілуге бейім? Қытайдың аталмыш елдермен арадағы қарым-қатынастарының қалай дамיתыны әлі белгісіздіктен арыла алмай келеді. Ең маңыздысы, Азия құрлығы-Тынық мұхит аймағында НАТО-ға ұқсас қауіпсіздікті қамтамасыз етуші механизмнің болмауы. Аймақта қандай да бір қақтығыс немесе текетірес орын алған жағдайда АҚШ-тың араласуы қажет болады. Қазірге дейін, АҚШ өрлеу жағдайындағы Қытайға келешекте АҚШ-тың аймақтық және дүниежүзілік ауқымдағы мүдделеріне қатер төндіретін күш ретінде бағалап келді. Мұның себебі, қазіргі халықаралық жүйенің құрамында Қытайдың «бөтен элемент» ретінде қабылдануы және тарихта болғандай, әрбір жаңадан «көтеріліп келе жатқан» державаның әрдәйім әлемді билеуші күшке қыр көрсетуі болып табылады.

Қытай Халық Республикасының құрушысы Мао мен оның жары Жъянг Кинг туралы зерттеулері арқылы аты шыққан АҚШ-тың қытайтанушы-ғалымы Росс Террили өзінің «Жаңа Қытай Императорлығы» (The New Chinese Empire and What it means for the United States) атты соңғы зерттеу жұмысында дамушы Қытаймен көне Қытай Императорлығы арасында айырмашылық жоқ деген қорытындыға келеді. Автор сондай-ақ, Қытайдың саяси және идеологиялық мәдениетінде демократия мен адам құқықтары туралы түсініктердің болмағандығы туралы айта келіп, Қытайдың дүниежүзіне қауіп төндіретінін, адамзатты бәлеге душар ететінін алға тартады. Анкара Қытаймен арадағы қарым-қатынастарында Таяу Шығыс аймағының осындай динамизмін ескеруге тиісті.

Түркияның осындай саясатты жүргізуі үшін қырғи-қабақ соғысы пен 2001 жылдан кейін қалыптасқан халықаралық конъюктура мен саяси тепе-теңдіктің қайта қалыптасу үдерісін ауқымды түрде қайта қарастыруы және қырғи-қабақ соғысы психологиясынан бастартып сыртқы саясатқа жаңа көзқараспен қарап, оған тиісті, заманға сай өзгерістерді еңгізуі қажет [2, 6-б.].

## **2. Түркия мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстар**

Қытайдың сан мәрте шақыруына жауап ретінде Түркия Үкіметі Қытайға ең алғашқы жоғарғы деңгейдегі сапарын 2005 жылы жасайды. Сыртқы істер министрі Абдулла Гүл бірінші кездесуін Қытайдың премьер-министрінің орынбасары Хуаң Жумен өткізеді. Хуаң Жу 2004 жылдың қараша айында Түркияға

сапармен келіп, Сыртқы істер министрі Абдулла Гүлмен, сондай-ақ, Премьер-министр Реджеп Тайип Ердоғанмен және президент Ахмет Неджет Сезермен кездескен еді. 2004 жылдың 10 желтоқсанында Түркияның Қорғаныс министрі Веджди Гөнүл Бейжіңде Қытай басшылығымен кездесу өткізген-ді. Гүл мен Хуаң арасындағы кездесу өте жақсы өтіп, бұрынғы байланыстар, тасымал және қатынас, ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастықтар төңірегінде өрбіді. Осы тұрғыда, Стамбул-Анкара жүрдек пойызының жобасы мен GAP жобасы күн тәртібіне қойылған еді. Сонымен қатар, екіжақты қарым-қатынастарды ілгері жылжытудың негіздері қаланды. Сыртқы істер министрі Абдулла Гүлдің Қытайдың сауда министрі Бо Хилаймен жасаған келіссөзінде де екіжақты сауда негізгі тақырып болды. Онда Қытайдың министрі Түркияның қытайлық текстиль өнімдеріне қарсы қолданған арнайы шектеу шаралары туралы шағымдарын сөз етті.

Текстиль өнімдері Түркия үшін де, Қытай үшін де ең маңызды және ең көп ақша әкелетін импорттық тауар болып табылады. Қытай тарапы Түркияның Қытайға қарсы қолданған квоталау немесе шектеу шараларының қайталануынан және осы себепті Еуропа Одағы мен АҚШ сияқты елдердің де мұндай іс-әрекеттерге баруынан қауіптенді. Бұған қоса, Қытайдың Сауда министрі Бо Хилай қытайлық кәсіпкерлердің бұл жағдайға алаңдаулы екендігін жеткізді. Түркия да, Қытай да дамушы елдер санатына жатқандықтан, олардың шығаратын, импорттайтын немесе өндіретін өнімдері көбіне-көп ұқсас болып келеді. Яғни, екі мемлекеттің өндіретін өнімдерінің көбісі бір-бірін толықтыратын емес, керісінше, бір-бірімен бәсекелес болып шықты. Аталмыш жағдай екі ел арасындағы сауда бәсекелестігін арттыра түсетіні аян және Қытайдың арзан жұмысшы күші мен төмен баға сияқты артықшылықтарының алдында Түркияның ұтылатыны және жеңіліс табатыны анық. Дәл осындай бәсекелестік жағдай тек бізге белгілі текстиль өнімдеріне ғана қатысты емес, алдағы онжылдықта көптеген басқа салаларды да қамтиды. Қытай тарапының осы мәселеде шегініс жасауы тек саяси шешіммен ғана жүзеге асады. Олай болмаған жағдайда, Түркия жоғарғы технология арқылы жасалған, маркалы өнімдер мен импорттық тауарларды халықаралық нарыққа шығарып, өткізу арқылы ғана ұта алады. Сыртқы істер министрі Гүл Қытайдың айтқан шағымына жауап ретінде, экономикалық қатынастардың көптеген салаларды қамтитынын, оның ішінде сауданың үлесінің шектеулі екенін

алға тартып, Түркия мен Қытайдың арасындағы экономикалық қатынастарда үлкен потенциал мен мүмкіндіктердің бар екенін және сол әлеуетті бағалап, қолдану керектігі турасында сөз қозғады. Негізінде, Түркияның мұндай мүмкіндіктерді Үндістан, Индонезия мен Малайзия сынды дамушы мемлекеттерден де іздеуі қажет. Түркия Қиыр Шығыстағы тек Қытайға ғана тәуелді сауда-экономикалық қатынастарын қайта қарастыруға міндетті.

Әлемдегі ең озық, ең мықты 500 компанияның алғашқы 128-і Қытайда орналасқан. Қалған ірі кәсіпорындар Қытаймен арадағы қарым-қатынастарын дамытуға тырысуда. Әлемде танылған маркалардың көбісі қазір Қытайда өндіріліп жатыр, келешектің «әлемдік фабрикасы» Қытайда болады деп болжануда. Түркияның Қытай нарығында өз орын таба алуы, өзіне тиесілі үлесін алуы, сондай-ақ, екіжақты экономикалық қарым-қатынастардан ұтуы өте қиын мәселе. Бірнеше жылдардан бергі, Түркияны шығынға батырып келген сауда тепе-теңдігінің бұзылуы мәселесі міне, осының айғағы. Сауда тепе-теңдігінің болмауы алдағы жылдарда да жалғасатынын болжау қиын емес. Түркия, Қытайдың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болуы жөніндегі пікірталастар барысында, Түркия-Қытай келіссөздерінде келешекке бағытталған, өз экономикалық мүдделерін қамтамасыз етудің жоспарын жасамады және сол мүмкіндікті жоғалтып алды. Түркияның сыртында 130 ел Қытайдан белгілі кепіл алғаннан кейін ғана, Қытаймен келіссөздерге барған. Түркия Қытайдың «нарықтық экономика мәртебесін» қабыл етуімен, «дамушы ел» ретінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енген Қытайға қарсы осы негізде өз мүддесін қорғау үшін әртүрлі құқықтық күрес жүргізу мүмкіндігінен де айырылып қалды [3, 4-6.].

Сол кездегі Сыртқы істер министрі 2004-2005 жылдардағы Түркия-Қытай арасындағы сауда көлемінің 4 миллиард болғанын, алайда, мұның 3,5 миллиардының Қытайдан Түркияға импортталатын тауарлар құрайтынын тілге тиек етті. Министрлік Түркияның мүддесіне кереғар осындай теңсіздікті инвестициялар көмегімен жоюға болатынын айтып, жаңа шешім тапқандай болды. 1999 жылы Қытай Халық Конгресінің басшысы Ли Пеннің Түркияға жасаған сапарынан бастап, 2002 жылғы Түркия премьер-министрінің орынбасары Девлет Бахчелидің Қытайға жасаған сапарына дейінгі оннан астам екіжақты жоғары деңгейлі кездесулерде екіжақты инвестициялар салу мәселесі үнемі күн тәртібінде тұрды. Алайда, одан бері, екі жақтың сауда айналымы арта

түсті: Түркияның шығындары күн өткен сайын көбейе түсуде. 2004-2005 жылғы статистикалық мәліметтерге сай Қытайдың сауда айналымының көлемі 1 триллион 155 миллиард долларға жетсе, экспортының көлемі 593,4 миллиардты, импортының көлемі 561,4 миллиардты құрады. Қазір Қытайдың сыртқы елдерге салған 65-70 миллиардтық инвестициясы жұмыс істеуде, 660-700 миллиард долларлық валюталық қоры бар. Әлемнің алтыншы экономикалық күшіне айналған алып Қытай үшін, Түркия-Қытай арасындағы 4,5-5 миллиард долларлық сауда көлемі тым аздық етеді. Десек те, Қытайдың импорты мен экспорты арасындағы профицит, айырмашылық 32 миллиардты құрап, Қытайдың пайдасына шешіліп отыр. Сол 32 миллиардтың ішінде Түркиядан алатын пайдасы, кірісі 3,5 миллиард долларды, ал, АТО-ның мәліметінше, 5 миллиард долларды, яғни қомақты үлесті құрап отыр [4, 2-4-бб.].

Қытай бір жағынан, сырттан ішке инвестициялар тартумен шұғылданып жатқанымен, екінші жағынан, Қытайдың ұлттық мүдделері тұрғысынан стратегиялық маңызы бар елдерге немесе аймақтарға инвестициялар салуды қолға алды. Түркия да стратегиялық мемлекет болуына қарамастан, қазірге дейін экономикалық тұрғыдан Қытайдың шынайы қызығушылығын тудыра алмады. Түркия өзінің стратегиялық артықшылықтарын қолдану арқылы, Қытайды қызықтыра алады. Бұл мақсатта, Түркия Қытайдың ұлттық мүдделерін мен ұлттық стратегиясын терең зерттеуі және оның өз стратегиясын жүзеге асыру үшін жүргізілетін сыртқы саясатын жақыннан бақылауы қажет. Түркияның сыртқы істер министрлігі Түркияның Кедендік Одаққа енгенін және Еуропа Одағына мүшелікке еруге үміткер ел екенін еске түсіріп, мұндай жағдайдың Қытай үшін үлкен мүмкіндіктер туғызатынын пікірталастарға арқау етті. Айтуға тұрарлық бір жайт, Еуропа Одағы мен Қытай арасындағы соңғы бес-он жылда қалыптасқан «Стратегиялық серіктестік қатынастары» АҚШ-тың ұстанымына қарама-қайшы болса да, жылдам дамуда.

Еуропа мемлекеттері Қытаймен арада орнатылған сауда және экономикалық қарым-қатынастардан өз үлесін алып қалу мақсатында бір-бірімен жарысуда; Еуропа Одағының ең маңызды құндылығы саналатын адам құқықтары мәселесі Еуропа Одағы-Қытай қарым-қатынастарында екінші қатарға ысырылуда; Алмания мен Франция АҚШ-қа қарсы Қытаймен бірігіп, көпполярлы дүниежүзілік тәртіп орнатуға тырысуда; Қытайға келсек, аталмыш қолдаушы

елдерге өзінің нарығынан орын беруде; Еуропа Одағы- Қытай арасында жүргізіліп жатқан ғарыштық зерттеулер АҚШ-тың ұлттық мүддесіне қауіп төндіруде. Қазіргі таңда, күн тәртібінде Қытайға қарсы қару-жарақ эмбаргосын алып тастау жөніндегі келіссөздер тұр. АҚШ-тың бұған қысым жасауына қарамастан, Еуропа Одағы Қытайға қарсы қару-жарақ эмбаргосын алып тастау жөнінде принципті түрде, оң көзқарас білдіріп келеді. Бұл шешімнің қабылдауымен Қытайдың әскери жаңалануы, қайта жабдықталуы жеделдетіледі және жоғарғы технологиялық қару-жарақтарды импорттау мәселесінде Ресейге тәуелді болудан құтылады. Осылайша, АҚШ-тың Қытайға қарсы бағытталған әскери эмбаргосы құрдымға кетуі ықтимал; Қытай өзінің ең үлкен ұлттық мәселесіне айналған Тайваньнан қару-жарақ тұрғысынан басымдыққа ие болады; және Қытайдың ең басты мүдделі аймағы – Азия-Тынық мұхиты аумағындағы ең ірі де қуатты күш АҚШ-пен тепе-тең түсетін болады.

Сонымен бірге, Еуропа Одағы-Қытай арасындағы стратегиялық қарым-қатынастар АҚШ пен Еуропа Одағының арасында араздықтың тууына себеп болды. Бұған қоса, қытайлық дипломат мамандар Түркияның Еуропа Одағына мүшелікке енуі мәселесінде мейлінше ұстамды көзқарасқа ие. Яғни, Қытай-Еуропа Одағы стратегиялық серіктестік қарым-қатынастары Түркияның Еуропа Одағымен арадағы байланысына екінші қатарға ысырып, оған «көлеңке түсіреді». Түркияның Қытайдың «көңілінен шығып, оны жаулап алу» саясаты Үкіметтің аймақтық саясатына негізделген. Қытайдың даму қарқынын тоқтатып алмауы үшін, энергетикаға, қуат көздеріне мұқтаж. Мысалы, 2004-2005 жылдары Қытайдың мұнай импортына тәуелділігі 35 % пайызды құраса, 2010 жылы 50 % пайызды құрайды. Ал, 2010 жылы 60 % пайызға көтерілуі болжануда. Әлемнің ең маңызды мұнай орталықтары Таяу Шығыс, Каспий маңы, Орталық Азия Қытайды ерекше қызықтыратын аймақтар болып табылады. Алайда, аймақтардағы белгісіздік пен тұрақсыздық жағдайлары және

теңіз тасымал жолдарының АҚШ, Үндістан, Ресей сияқты бәсекелес алпауыт елдердің қолында болуы себепті, Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Түркия болса, өзін аталмыш аймақтарға ықпал ете алатын ел ретінде Қытаймен аймақтық ынтымақтастық жасауға мүдделі және қабілетті күш, аймақтағы ең лайықты ойыншы деп есептейді.

Түркияның геостратегиялық орналасуы мен ұстанымы тарихта болғандай, табиғи түрде, әртүрлі күштердің тоғысу нүктесінде шоғырланған: сондықтан да, оның саяси, экономикалық және қауіпсіздік проблемаларының да ауыр болары анық. Түркия қалыптасқан халықаралық жағдайларды және ерекшеліктерді мызғымас және динамикалық екі тұрғыда қарастырып, өзінің дербес көзқарасын түзуге мәжбүр. Аталмыш проблемаларға қарсы шешімдер табу үшін Түркияның тактикалық және стратегиялық ойындарды ойнай алатындай интелектуалдық күшке ие болуы тиіс; сондай-ақ, өзінің мүддесіне қатысы бар әртүрлі аймақтарда ғылыми жұмыстарды жүргізу, стратегиялық зерттеу мен барлау жұмыстарын атқару керектігін терең түсініп отыр.

1. Türkiye-Çin Halk Cumhuriyeti arasındaki siyasi ilişkiler – <http://www.mfa.gov.tr/turkiye-cin-halk-cumhuriyeti-siyasi-iliskileri.tr.mfa>

2. Türk Çin İlişkilerinin gelişmesi – <http://www.savunmastejiblogcu.com/turk-cin-iliskilerinin-gelismesi/481827>

3. Türkiye-Çin İlişkilerinde bundan sonrası – <http://www.turksam.org/tr/a1900.html>

4. Türkiye-Çin Halk Cumhuriyeti Ekonomik İlişkileri – <http://www.turksam.org/tr/a1989.html>

\* \* \*

В данной статье рассматриваются политические и экономические аспекты турецко-китайских отношений.

\*\*\*

In this article the political and economic issues of Turkish-Chinese relations are considered.